

Республикалық бюджетке "Мерхав" фирмасының жобасы бойынша түпкі займшылардың берешегін қайтару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 28 мамырдағы N 896

Қазақстан Республикасының "Мерхав" израиль фирмасына ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша берілген құрал-жабдықтар мен техникаға төленген қаражатты республикалық бюджетке қайтару және төлемдердің мерзімін кейінге қалдыруға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылдың 12 ақпанындағы N 2 толықтыруға, 1993 жылдың 17 мамырдағы Несие келісіміне сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі мен "Narolim" (Израиль) банкі арасындағы қол қойылған және 1995 жылдың 20 маусымында N Ф 22-3/9 Қазақстан Республикасының берген мемлекеттік кепілдігімен "Narolim" (Израиль) банкінің ұсынған шоттарының негізінде сыртқы борышты өтеуді жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің аумақтық органдарына сәйкес, "Мерхав" фирмасы берген технология мен құрал жабдықтардың тізбесі мен 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі уақытта көрсетілген технология және құрал-жабдықтарды саудаластық (аукцион) өткізу жолымен қамтамасыз етуді қабылдағандар көрсетіліп, одан түскен қаражат республикалық бюджетке бағытталып акт бойынша берілсін.

3. Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері "Мерхав" фирмасының израильдық технологиясы бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жобаларын жүзеге асыру және қайта өңдеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 маусымдағы N 503 P930503_ қаулысының 4-тармағына орай "Мерхав" фирмасымен келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген жергілікті бюджеттерде республикалық бюджет алдындағы кестеге сәйкес түскен сомаларды шегере отырып берешекті

өтеуге 2001 жылдан бастап шығыстар көздесін.

<*>

қаулысымен.

P001391_

4. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасарына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК